



НАУЧНЫЙ БЛОКНОТ – SCIENTIFIC NOTEBOOK – ЫЛЫМИ ДЭПТЕР

Scientific article
IRSTI 13.07



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-297-303>

THE THIRD-PERSON PERSPECTIVE IN THE UNDERSTANDING OF BEING. THE PHILOSOPHICAL SCHOOL OF BISEMBAY KOLUMBAEV

Torgyn SADYKOVA 

S. Seifullin Kazakh Agro-Technical Research University, Astana, Kazakhstan

✉ storgyn@mail.ru

Abstract. The memoir describes the personal being of Bisembay Ergalievich Kolumbaev, who passed away on November 29, 2025, as well as the spiritual and cognitive characteristics of the philosophical school he founded. It examines how the mentor's pedagogical practice transcended the traditional academic model of instruction and transformed into an existential space of human self-cognition. Kolumbaev's philosophical approach is revealed through the concept of the «third-person perspective», demonstrating that thought is a living process manifested in bodily experience.

In addition, a triadic structure of understanding human existence through the levels of the «pre-human», the «human», and the «supra-human» is analyzed as the worldview foundation of the philosophical school. This structure makes it possible to interpret the human being not as a static entity, but as a subject within the process of spiritual evolution. The memoir portrays the mentor's spiritual state, apprehended through silence, movement, and vocal intonation, as a philosophical act, thereby substantiating philosophy not merely as a theoretical discourse but as a lived existential experience. Consequently, the core value of Kolumbaev's school is shown to be oriented toward personal self-reflection, confrontation with one's inner being, and continuous striving along the path of spiritual perfection.

Keywords: philosophical school; philosophy of being; third-person perspective; existential experience; spiritual evolution; triadic structure; self-knowledge; philosophical act.

For citation:

Sadykova, T. (2026). The third-person perspective in the understanding of being. The philosophical school of Bisembay Kolumbaev. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 154 (1), 297-303. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-297-303>.

БОЛМЫСТЫ ТҮСІНУДЕГІ ҮШІНШІ ТҮЛҒАНЫҢ КӨЗҚАРАСЫ. БИСЕМБАЙ КОЛУМБАЕВ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МЕКТЕБІ

Торғын САДЫКОВА

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан

ВЗГЛЯД ТРЕТЬЕГО ЛИЦА В ПОНИМАНИИ БЫТИЯ. ФИЛОСОФСКАЯ ШКОЛА БИСЕМБАЯ КОЛУМБАЕВА

Торғын САДЫКОВА

*Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина,
Астана, Казахстан*

Аңдатпа. Естелікте 2025 жылғы 29 қарашада дүниеден өткен Бисембай Ерғалиұлы Колумбаевтың тұлғалық болмысы мен оның қалыптастырған философиялық мектебінің рухани-танымдық ерекшеліктері сипатталады. Ұстаздың дәрістік тәжірибесінің дәстүрлі академиялық оқыту үлгісінен шығып, адамның экзистенциалдық өзіндік танымына бағытталған болмыстық кеңістікке айналғаны қарастырылады. Колумбаевтың философиялық тәсілі «үшінші адамның көзқарасы» ұғымы арқылы ашылып, ойдың денелік тәжірибеде көрініс табатын жанды үдеріс екені көрсетіледі. Сонымен қатар адам болмысын «адамға дейінгі», «адами» және «адамнан жоғары» деңгейлер арқылы түсіндіретін триадалық құрылым философиялық мектептің дүниетанымдық негізі ретінде талданады. Бұл құрылым адамды статикалық жаратылыс емес, рухани эволюция процесіндегі субъект ретінде пайымдауға мүмкіндік береді. Естелікте ұстаздың тыныштық арқылы танылатын рухани қалпы, қимылы мен дауыс ырғағы философиялық акт ретінде сипатталып, философияның тек теориялық дискурс емес, өмірлік-экзистенциалдық тәжірибе екені негізделеді. Нәтижесінде Колумбаев мектебінің басты құндылығы адамның өзіндік рефлексиясына, ішкі болмысымен беттесуіне және рухани кемелдену жолындағы үздіксіз ізденіске бағытталатыны айқындалады.

Түйін сөздер: философиялық мектеп; болмыс философиясы; үшінші адамның көзқарасы; экзистенциалдық тәжірибе; рухани эволюция; триадалық құрылым; өзіндік таным; философиялық акт.

Аннотация. В статье представлено воспоминание о Бисембае Колумбаеве, казахстанском философе (07.03.1946 – 29.11.2025), а также размышления о духовно-познавательных особенностях сформированной им философской школы. Рассматривается трансформация педагогической практики наставника за пределы традиционной академической модели обучения в экзистенциальное пространство бытийственного самопознания человека. Философский подход Колумбаева раскрывается через концепт «взгляда третьего лица», посредством которого демонстрируется живая природа мышления, проявляющегося в телесном опыте.

Наряду с этим анализируется триадическая структура понимания человеческого бытия через уровни «дочеловеческого», «человеческого» и «сверхчеловеческого» как мировоззренческая основа философской школы. Данная структура позволяет осмысливать человека не как статичное существо, а как субъекта процесса духовной эволюции. В воспоминании духовное состояние наставника, познаваемое через тишину, его движения и интонации голоса описываются как философский акт, обосновывающий философию не только как теоретический дискурс, но и как жизненно-экзистенциальный опыт. В результате выявляется, что ключевая ценность школы Колумбаева направлена на саморефлексию личности, встречу с собственным внутренним бытием и непрерывный поиск на пути духовного совершенствования.

Ключевые слова: философская школа; философия бытия; взгляд третьего лица; экзистенциальный опыт; духовная эволюция; триадическая структура; самопознание; философский акт.

Дәйек сөз үшін:

Садыкова, Т. (2026). Болмысты түсінудегі үшінші тұлғаның көзқарасы. Бисембай Колумбаевтың философиялық мектебі. *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*, 154(1), 297-303. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2026-154-1-297-303>.

Мен үшін Бисембай Ерғалиұлы Колумбаев – тек ғалым, ұстаз немесе дәріс оқитын профессор емес. Өзінің болмысымен, ойлау тәсілімен, ішкі үнсіздігімен және сыртқы әрекетінің үйлесімімен философиялық мектеп құрған тұлға. Оның мектебі дайын қағидаларға, жүйеленген ережелерге немесе шектеулі тәсілдерге сүйенген жоқ, керісінше, адамды өз болмысына қарай жетелейтін ашық кеңістік ретінде қалыптасты.

Бисембай Ерғалиұлы үшін философия – «оқытылатын» пән емес, ашылатын құбылыс еді. Ұстаз бізге білімді беріп қана қоймайтын, сәт тудыратын, яғни адамның өзіне сұрақ қоюына, өз үнін естуіне, өз ойының көлеңкесін тануына мүмкіндік жасайтын. Ұстаздың дәрістеріне тыңдаушы емес, болмыстың шекарасын сезінуге келген ізденуші ретінде кіретінбіз. Сол себепті оның мектебі – теориялар жиынтығы емес, таным тудыру өнеріне құрылған жанды философия тәжірибесі.

Ағай, бір қарағанда, ештеңені үйреткісі келмейтіндей көрінетін. Алайда үнсіздігі мен ой арасындағы тыныс, қозғалысы мен сөзі арасындағы ырғақ, бір нәрсені анық аңғартатын, яғни философияның мәні дайын жауап ұсынуда емес, адамның өз ішкі таным жолына бет бұруға жағдай жасау еді. Ал мектебі – дәл осы ішкі сапарға бастайтын рухани жолдың өзі болатын.

Ұстазымның дәрісінде әр қимылдың да, әр үзілістің де өз мәні бар еді. Ой мен дененің осы синхрониясы оның философияны жанды күйінде жеткізетін ерекше әдісі болатын. Біз үшін философия кітаптағы абстракция емес, дене қалпы мен сөздің бірлігінде өмір сүретін құбылысқа айналды. Бисембай Ерғалиұлы философияны дәл осылай, адамды өзінің көлеңкелерімен, қайшылықтарымен және ішкі үнсіздігімен бетпе-бет келуге шақыратын батылдық кеңістігі ретінде түсіндірді.

Ол бізден белгілі бір тұжырымды меңгеруді талап етпейтін, керісінше, сезінуді, тылсымды байқауды, өз ойыңды өзіңе жасырмай қабылдай білуді үйрететін. Бұл жай оқыту емес, философияны шынайы күйінде бастан кешуге жетелейтін әлдеқайда терең жол еді.

Бисембай Ерғалиұлының болмысы классикалық мағынадағы ұстаз немесе академикалық ғалым ұғымына сыймайтын. Ұстаздың дәрісіне келген адам философияны оқу үшін емес, философияның өзіне куә болумен бетпе-бет келетін. Дәрісте философияны сөзбен ғана емес, қимылы, үнсіздігі, дауыс ырғағымен де жеткізетін, тіпті кей сәтте өзі де философияның бейнесіне айналып кететін. Терең ойлары, мағыналы сөздері, әр пайымы адамды еріксіз ішкі сұрақтың алдына әкелетін. Сөйлегенде бүкіл болмысы сөйлейтін. Денесі, көзқарасы, қолының қимылы, дауысындағы діріл, бәрі қосылып, ішкі әлеміндегі терең дүмпуді сыртқа шығарып тұрғандай болатын.

Дәріс кезінде кенет үнсіз тұрып қалатын. Сол үнсіздік бізге жай тыныштық емес, ойдың шегіне жеткен сәттегі абсолюттік тоқтау, философиялық вакуум секілді әсер ететін. Сол үнсіздіктің ішінде бір түсініксіз күш, айтылмаған мағына, жетпей тұрған ақиқаттың демі бардай болатын. Сосын күтпеген жерден бар даусымен екпіндей сөйлеп, дауыс екпінін шегіне жеткізгенде, сахнадағы тәжірибелі әртістердің өзі ол кісінің жанында қо-

раш болып көрінер еді. Бұл сыртқы эффект емес, рухани ішкі жарылыстың көрінісі, ой энергиясының қалыпқа сыймай сыртқа төгілуі сияқты. Кейде сол құбылысты ойшыл ұстазымның ішкі әлемінің дүмпуі ме екен деп ойлайтынмын. Бізге бір нәрсені түсіндіру үшін емес, өзі түйсінген ойдың ауқымына бізді кіргізу үшін сөйлейтіндей көрінетін. Дауысындағы әрбір өзгеріс ойдың бағытын өзгерту, ой толқынының жаңа биігін көрсету тәрізді еді. Дәріс үстінде мысал келтіре бастағанда, ол кенет тыңдаушының жанына жақындап, қимылы шапшаң, қажет сәтте кез келген студенттің қолын ұстай алатын. Сол мезетте студент қолы жай ғана «адамның» қолы емес, ойды жеткізудің дербес құралына, болмысты сезіндіретін тікелей арнаға айналып кететін. Оның алдында біз «адам» емес, таным субъектісі, ойдың объектісіміз. Ал кейде көзқарасы тіпті қорқынышты болып кететін. Бірақ сол қорқынышты көзқарастың өзінде бізге емес, өзіндегі шындықпен күресіп тұрған қайсар рухтың сәулесі бардай көрінетін. Сол сәтте ол кісі бұл дүниеде емес, басқа бір кеңістікте, таза ой әлемінде жүргендей сезілетін. Ұстаздың әрекеттері бізге оғаш көрінгенімен, ол ешқашан әдейі жасалған жасандылық емес еді. Бұл ойдың денеге ықпал етуі, түйсіктің еркін қозғалысы, зерденің ішкі импульсі. Дәрісті үнсіз тыңдап отырған сәттің өзінде, күтпеген жерден есіміңді атау арқылы тыныштықты бұзып, ойыңды селт еткізетін. Басқаларға оғаш көрінер сол әрекет біз үшін керісінше жылы әрі шынайы еді. Ұстаз болмысы осындай күтпеген бұрылыстармен ерекшеленетін. Бұл жай мінез емес, философиялық тұлғаның шамшырағының көрінісі еді.

Осы жылдарға дейін дәл сол кісідей ойлау машығы бөлек, танымы өзге, сөйлеу мәнері өз әлеміне ғана тән философты кездестірмедім. Шынында да, «қайталанбас дара тұлға» деген ой дәл осындай жанға айтылуы керек. Өйткені оның даралығы мінезінде емес, болмысының құрылымында, жан дүниесінің тереңінде, әр сөзінің артында тұрған үнсіз философияда еді.

Ұстазым жайлы ой келген сайын, ішімде сөзбен жеткізу қиын бір терең толқыныс оянады. Мен ол кісіні бірінші адам ретінде – өз тәжірибеммен көрмеймін, екінші адам ретінде – оны тыңдаушы позициясынан ғана қабылдамаймын. Үшінші адамның көзқарасымен, яғни сырттан қарап тұрған, болмыстың қозғалысын бақылап тұрған «трансцендент сана» деңгейінде қабылдаймын.

Бисембай Ерғалиұлы, көз алдымда тұрған жеке тұлға ғана емес, ойдың денеде көрінуі, рухтың уақыт пен кеңістікті жарып шығуы, адам болмысының метафизикалық пішіні секілді қабылданатын.

Үшінші адам – бұл куәгер. Философияда ол – «бақылаушы сана», феноменнің көрінісін ғана емес, оның астарындағы жасырын мағынаны сезетін қабілет. Мен Ұстазымды дәл осылай көретінмін. Әр сөзі мен қимылының артында екінші бір шындық, әр үнсіздігінің астында өзге бір терең мән, ал әр дауыс көтерген сәттің артында мәңгілікке ұмтылған жанның ішкі толқынысы тұратын. Ол адам бізге «Мен» болып емес, феномен болып көрінді. Біз оны бір сәтке де тұлғалық масштабтан бөліп қарай алмадық. Өйткені ол кісі өз-өзіне субъект болудан гөрі, рухтың қарекетіне орын берген медиатор сияқты еді. Бірінші адам – «Мен». Екінші адам – «Сен». Үшінші адам – «Ол». Бірақ ұстазымда «Ол» деген меңзеу тұлғалық сілтеу емес, онтологиялық дәрежеге көтерілген белгі болатын. Ол – адам емес, адамдағы болмыс, ол – ұстаз емес, ұстаздықтың өзі, ол – философ емес, философияның көрінісі ретінде қабылданатын. Үшінші адамның көзқарасынан қарағанда, Бисембай Ерғалиұлының әр әрекеті кездейсоқ емес, ол – ішкі логиканың сыртқы фор-

масы, ойдан туған импульстың табиғи көрінісі, сөзден тыс тұрған мағынаның денедегі қозғалысы еді. Сондықтан біз үшін оның бірде дауыс интонациясын күрт күшейтуі, кенет үнсіздікке шомууы, жаныңа шапшаң жетіп келіп, кез келген нәрсені ұстай алуы – жай мінез көрінісі емес, болмыстың тілін табуы, философиялық актінің сахнада емес, шынайы өмірде көрінуі болатын.

Қазір ойлап қарасам, ол кісі бізге ешқашан «Мен осылай ойлаймын» деп айтпапты. Ол жеке позиция емес, ойдың өзін сөйлететін арна болатын. Сол себепті оны тек бірінші не екінші адамнан емес, әлдеқайда жоғары деңгейдегі, болмыстың өзіне куәгер болатын үшінші адамның көзімен көреміз.

Бисембай Ерғалиұлының философиялық мектебін түсіну үшін оның негізгі тірек ұғымы болған триаданы – адамға дейінгі, адами және адамнан жоғары деңгейлерді айналып өту мүмкін емес. Бұл триада – жай теория емес, адамның болмысқа қарай бағытталған ішкі эволюциясының картасы. Ұстаз бізге адамды биологиялық, әлеуметтік немесе мәдени жаратылыс қана емес, рухтың өзгеру сатыларынан өтетін жанды процесс ретінде қабылдауды үйретті.

Бірінші деңгей, адамға дейінгі қабат, яғни адамның ішіндегі алғашқы тыныс. «Адамға дейінгі» дегенде ол бұл күйді кемшілік немесе жетілмегендік емес, адамның ішкі ең бастапқы қабаты – түйсік, сезім және табиғи күштердің әлемі ретінде түсіндіретін. Бұл – жан әлі сөз таппағанымен, қозғалысы бар кезең, адамдағы табиғат аймағы, қайшылықтар, қорқыныш, ерік, тылсым энергия және бастапқы импульстер шоғырланатын тұс.

Ұстаздың дәрісіндегі алғашқы үнсіздікті, кенеттен оны жарып шығатын дауысты, күтпеген қимылдарды адамға дейінгі қабаттың философиялық тілдегі көрінісі ретінде қабылдайтынмын. Ол бізді қорқыту үшін емес, ішіміздегі ең алғашқы түпқабатпен бетпе-бет келтіру үшін селт еткізетін. Өйткені философия адамның тек ойлауын емес, ең алдымен оянуын талап етеді.

Екінші деңгей – «адами». Бұл кезеңде адам өзіндегі алғашқы түпқабатты түсініп, оймен тілдің көмегімен өзін қалыптастыра бастайды. Мұнда мәдениет, тарих, жауапкершілік, сұрақ қою және пайымдау сияқты дүниелердің кеңістігі ашылады. Осы деңгейде бізді жай ғана ойлауға емес, ойлау арқылы өз болмысымызды қалыптастыруға шақыратын. Әр сөзінде ақпараттан гөрі адамды өз ішкі әлеміне үңілдіретін мазмұн бар еді. Байыпты сөзі, терең түйіні, өткір мысалдары – бәрі осы «адами» қабатты сомдауға бағытталатын. Мұны ұстаздың дәрісін тыңдағанда жиі сезетінмін. Ол жәй ғана оқытпайды, адам қылады, ойдың тәртібін, сөздің салмағын, рухтың шекарасын көрсетеді.

Ал триаданың ең жоғарғы сатысы – «адамнан жоғары». Бұл деңгейде адам өз-өзіне ғана субъект болуды тоқтатып, болмыспен ашық байланысқа шығады. Бұл Ницше айтқан «асқан адам» ұғымынан мүлде басқа, өзін жеңген, өзін таныған, ішкі шектеулерін еңсеріп, рухани биіктікке өткен адам күйі. Мен ұстазымды үнемі осы деңгеймен байланыстыратынмын. Көзқарасында, үнсіздігінде, оқыс дауысында, тіпті кенеттен есіміңді атаған сәттерінде қарапайым психологиядан гөрі рухтың тылсым импульсі сезілетін. Сол уақытта ол бұл дүниенің емес, өзінің ішкі кеңістігінің шыңынан бізге белгі беріп тұрғандай көрінетін.

Адамнан жоғары күй – жаттығумен келетін дағдылы сана емес, болмыстың тереңдігін сезіне алған адамның хәлі. Ұстазымды осы деңгейге тән ететін нәрсе – ойы мен қимылының ажырамастығы, ішкі әлемінің еркіндігі және философияны айту емес, оның

өзіне айнала білу қабілеті. Сондықтан да біз оны жай ғана «профессор» ретінде қабылдай алмадық. Біз үшін ол ұстаз немесе ғалымнан бұрын, рухани феномен еді.

Бисембай Ерғалиұлының дәрістері аяқталғанымен, болмысы әлі күнге дейін ішкі әлеміме ықпал етуді тоқтатқан емес. Кейде ұстазымның кенет тынған үнсіздігін, дауысындағы дүмпуді, көзқарасындағы шексіз тереңдікті еске аламын да, өз-өзімнен: «Бізге не үйреткісі келді?» – деп сұраймын. Сол сұрақ қайтып оралған сайын бір нәрсені анық түсінемін, ол бізге білім бермеді, ол бізге өзімізді қайтарды. Ұстаздың болмысы мен ішкі әлемімізде қалған ізі бізге айна сыйлады. Өз ішімізге қайтаратын, көлеңкемізбен беттестіретін, шекарамызды көрсететін айна.

Ұстазымның «Мен өзімді адамнан көре аламын, бірақ адамды өзімнен таба алмаймын...» деген әйгілі сөзі мен үшін жай афоризм емес. Өмір бойы жалғасатын сұрақ. Адам болмысының терең шындығы. Ұстазымды еске алған сайын осы сөздің мәнін қайта-қайта ой елегінен өткіземін.

Мен өзімді адамнан көремін... Өйткені адамның көзқарасында, сөзінде, қимылында біз өзіміздің әлсіздігімізді, үмітімізді, қайшылығымызды, тіпті мүмкіндігімізді көреміз. Ол кісінің әрекеттерінен өзімнің ішкі болмысымды таныдым, селт еткізер дауысында жасырын қорқыныштарым бар еді, үзіліп кетердей тыныштығында өзімнен қашып жүрген ойларым тұратын, өткір көзқарасында өзімнен жасырып жүрген шындықтарым ашылатын. Сол ұстаздық болмысы мені өзімнен жүздестіретін. ...бірақ адамды өзімнен таба алмаймын. Бұл сөз – адамның өзін ешқашан толық, бүтін күйінде тани алмайтынының метафизикалық мойындауы. Өйткені біз өз ішімізге үңілгенде беймәлім тұңғиыққа тап боламыз. Біздің ішімізде адамнан гөрі көбірек – хаос, арман, үрей, ой, үнсіздік, күш және әлсіздік бар. Ұстаз ілімі мен бітім-болмысы маған осыны түсіндірді, адамның ішіндегі адам – дайын форма емес, қалыптасу үстіндегі процесс. Бұл пайымға жетуіме ұстазымның болмысынан алған сабақтар негіз болды. Бүгінде ұстазым арамызда жоқ болса да, болмысы санамда жаңғырып тұр. Ол маған философияны сөзбен емес, болмыс арқылы сөйлеуді көрсетті. Дайын жауаптар ұсынбады, сұрақ қою батылдығын үйретті. Әлемді танудан бұрын, сол әлемдегі өз орнымды көру қабілетін ашты. Ал ең маңыздысы – өз ішкі тұңғиығымды мойындауға жетеледі. Сондықтан мен үшін Бисембай Ерғалиұлы ұстаз ғана емес, адамның өзін тануға апаратын жолдың ашылуына себепкер тұлға. Ол сөзімен емес – болмысымен, қимылымен емес – ішкі дүмпуімен, өмірімен емес – философиялық қолтаңбасымен әсер етті. Ұстазым сендірген бір шындық бар, адам өзін таптым деп ойлауы мүмкін, бірақ өзін толық таба алмайды, ал өзін іздеуді тоқтатса бәрінен айырылады. Мен бұл ізденістен әлі де қол үзген жоқпын. Өйткені ол қалыптастырған пайым әлі күнге дейін ойымда жаңғырып тұр: «Мен өзімді адамнан көре аламын, бірақ адамды өзімнен таба алмаймын...»

Автор туралы мәлімет / Author Information / Сведения об авторе:

Торғын Садыкова – PhD, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің аға оқытушысы, Жеңіс даңғылы 62, 010000, Астана, Қазақстан, email: storgyn@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8952-0253>

Torgyn Sadykova – PhD, Senior Lecturer, S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Zhenis Avenue 62, 010000, Astana, Kazakhstan, email: storgyn@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8952-0253>

Торгын Садыкова – PhD, старший преподаватель Казахского агротехнического исследовательского университета имени С. Сейфуллина, пр. Победы 62, 010000, Астана, Казахстан, email: storgyn@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8952-0253>

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 06.02.2026

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 14.03.2026